

Әкімдіктің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 11 "2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы № 161 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 21 маусымда № 9-20-220 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының, 1-тармағының, 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының, 2) тармақшасына, 5-бабының 2-тармағына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Әкімдіктің "2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 11 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-212 тіркелген, 2012 жылғы 1 наурызда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1–тармағының 1–жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"Федоров аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар, олар үшін лайықты жұмыс болмаған жағдайда".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Қ. Өтегеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Ахметов

КЕЛЕСІЛДІ:

"Федоров аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің б а с т ы ғ ы

_____ Т. Волоткевич

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК